

Құрмансай жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Бұйрық

№ 60

15.04.2025ж.

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
ата-аналарға арналған
консультациялық пункт ашу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28.03. №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 1- индикаторының 5-тармағын орындау және Ақтөбе облысы білім басқармасының 2025 жылғы 12.03. №120 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру мақсатында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 340 бұйрығы негізінде

Бұйырамын

1. 2025 жылдың сәуір айынан бастап мектеп жанындағы шағын орталықта балалар мен ата-аналар үшін консультациялық пункт ашылсын.
2. Консультациялық пункттің тиісті деңгейде жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, арнайы нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып, аталған кеңес беру пунктінде жұмыс жасайтын маман ата-аналарға баланың жас ерекшеліктері мен шамаларын есепке ала отырып, бала дамуын сауатты бағалауға көмектесетіндей құзырлы жұмысын жүзеге асыру шағын орталықтың тәрбиешісі С.П. Боольге тапсырылсын.
3. Консультациялық пункт қызметінің жұмысын әрі қарай тиісті деңгейде жалғастыру тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары А.Қ. Даулеталинаға тапсырылсын.
4. Берілген бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры



Сейтказин А.К.